

Педагогикалық кеңес хаттамасы №3

Күні: 27.01.2026

Қатысқандар саны:3

Қатыспағандар саны:0

Тақырыбы: «Жарты жылдық жұмыстың қорытындысы»

Мақсаты: Балалардың қызығушылығын арттыру, тәрбиешілердің уақытын тиімді пайдалануға бағытт.

Күн тәртібінде:

1. Алдыңғы педагогикалық кеңестің шешімін орындау нәтижелері.
2. 2025-2026 оқу жылының бірінші жарты жылдығына қорытынды есебі
3. Үлгі бағдарламаның мазмұнын игеру бойынша мониторинг нәтижелері.
4. Кеңес «Балабақшада баланың дені сау болу үшін не көмектеседі?»
Медбике

Тыңдалды:

1. Бірінші мәселе бойынша алдыңғы педагогикалық кеңесте қабылданған тапсырмалардың орындалуы туралы әдіскердің ақпараты тыңдалды. Тапсырмалардың басым бөлігі уақытында орындалғаны, оқу-тәрбие үдерісінде ұлттық құндылықтарды енгізу, дидактикалық ойындарды қолдану жұмыстары жүйеленгені атап өтілді.

2. Екінші мәселе бойынша 2025-2026 оқу жылының бірінші жарты жылдық есебі тыңдалды. Топ тәрбиешілері жылдық жоспарға сай өткізілген іс-шаралар, балалармен, ата-аналармен атқарылған жұмыстарын слайд түрінде дайындап әкеліп есеп берді. сонымен қатар психолог, музыка жетекшісі, әдіскер есебі де тыңдалды. Екінші жарты жылдық жоспары таныстырылып, талқыланды.

3. Үшінші мәселе бойынша бойынша әдіскер сөз алды. Аралық мониторинг қаңтар айында өткізілді. Мониторингтің мақсаты – тәрбиеленушілердің Үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын меңгеру деңгейін анықтау, білім беру салалары бойынша даму динамикасын талдау.

Білім беру салалары бойынша нәтижелерге тоқталатын болсақ:

Білім беру саласы Жоғары деңгей Орта деңгей Төмен деңгей

Коммуникативтік дағдылар	45%	43%	12%
Танымдық дағдылар	40%	39%	11%
Шығармашылық дағдылар	35%	45%	20%
Әлеуметтік-эмоционалдық даму	37%	50%	13%
Физикалық дағдылар	41%	50%	9%

Нәтижелерді талдау

Коммуникативтік дағдылар:

Балалардың көпшілігі қарапайым сөйлемдер құрастыра алады, сұрақтарға жауап береді. Кейбір балаларда дыбыстарды дұрыс айтуда қиындықтар байқалады.

Танымдық даму:

Сандарды тану, салыстыру, қарапайым логикалық тапсырмаларды орындау дағдылары қалыптасқан. Төмен деңгейдегі балаларға қосымша жеке жұмыс қажет.

Шығармашылық қабілеттер:

Сурет салу, жапсыру, құрастыру жұмыстарында белсенділік жоғары.

Қиялдау, еркін әңгімелеу дағдылары дамып келеді.

Әлеуметтік-эмоционалдық даму:

Балалардың басым бөлігі құрдастарымен қарым-қатынас жасай алады, топ ережелерін сақтайды. Кейбір балаларда эмоцияны реттеу дағдысы толық қалыптаспаған.

Дене дамуы:

Негізгі қимыл-қозғалыс дағдылары (жүгіру, секіру, лақтыру) қалыптасқан.

Ұсақ моториканы дамыту жұмыстары жалғасуда.

Аралық мониторинг нәтижелері бойынша тәрбиеленушілердің 85 % жоғары және орта деңгейде. Бағдарлама мазмұны жүйелі түрде игерілуде. Төмен деңгей көрсеткен балалармен жеке түзету-дамыту жұмыстары жүргізіледі.

Ұсыныстар

Жеке және топтық түзету жұмыстарын күшейту

Ата-аналармен бірлескен жұмыс формаларын арттыру

Ұсақ моторика мен тіл дамытуға арналған қосымша ойын жаттығуларын енгізу

ЕБҚ балаларға арнайы мамандардың қолдауын ұйымдастыру

4. Төртінші мәселе бойынша бойынша медбикеге сөз берілді. Медбике қазіргі маусымда өршіп тұрған қызылша, желшешек туралы баяндама оқыды. Екпе алмаған балалардың ата-анасымен жүйелі жұмыс жүргізілу

керектігі айтылды. Алғашқы балгілері, сақтану жолдары туралы баяндады. Әр топқа ата-аналарды ақпараттандыру мақсатында, жаднама таратып берді.

Педагогикалық кеңестің шешімі:

1. Алдыңғы педагогикалық кеңестің шешімін орындау нәтижелері қанағаттанарлық деп есептелсін.
2. 2025-2026 оқу жылының бірінші жарты жылдығының қорытынды есебі нәтижесі бойынша жұмыс жалғаса берсін
3. Үлгі бағдарламаның мазмұнын игеру бойынша мониторинг нәтижелері негізінде төмен деңгей көрсеткен балалармен түзету жұмыстары жүргізілсін
4. Медбике кеңесі бойынша жұмыстар жүргізілсін, ата-аналар ақпараттансын.

Педагогикалық кеңес төрайымы:

Есеналиева А

Педагогикалық кеңес хатшысы:

Есеналиева А